

Тұлғаны саяси әлеуметтендірудің мәні және анықтамасы.

*Орындаған: Құдайбергенов А.
Тексерген: Кульбаева Д.*

Тұлға – әлеуметтанудың өзекті проблемаларының бірі, өйткені қоғамдағы болып жататын әлеуметтік құбылыстар мен процестердің себептерін, мәнін жеке тұлғалардың мәнді сипатты белгілері арқылы түсінуге болады. Басқаша айтқанда, жеке тұлғаның мінез-құлқы арқылы тұтас топтың, қоғамның өмірін түсінуге болады.

ТҰЛҒА ҰҒЫМЫНЫҢ МӘНІ МЕН ТҮСІНІГІ.

- **Индивид** - (лат. *Individuum* - бөлінбейтін) Индивид – жеке – дара адам. Барлық адамға тән ортақ қасиет – ол тек қоғамда ғана өмір сүреді. Ол қоғам ішінде ғана нәтиже алады, себебі ол қоғамдық болмыс тәжірибесін бойына сіңіреді. Жаңа туған сәбидің ата – анасынан тәуелсіз өмір сүруге ешқандай қабілеті болмайды. Бұл жағынан ол жануар, хайуанаттардың кез келгеніннен әлсіз екені белгілі. Мысалы, жұмыртқадан шыққан құс балапаны бірден тамақ іздеп жүгіреді. Ата – ананың, басқа адамдардың қамқорлық көмегінсіз адам баласы өсіп жетіле алмаған болар еді.
- **Адам** - адамзат баласының жер бетіндегі басқа биологиялық организмдерден өзгеше қасиеттерін сипатайтын жалпылама ұғым.

Тұлға туралы теориялар. Әлеуметтік статус және әлеуметтік рөлдер.

- *Адамның аса күрделі табиғаты оның қоғамдағы әр түрлі байланыс қатынастары қазіргі әлеуметтануда адамға, оның тұлғалық түрінде байланысты, алуан түрлі модельдерді жасауға ықпал етті. Осылардың бірі адамның бейнесіне әлеуметтік рөлдердің жиынтығы ретінде қарау.*
- ***Әлеуметтік рөл** - қоғамдағы адамдардың белгілі бір алатын орнына, жағдайына, олардың басқалармен қарым қатынастарына байланысты және қабылдаған ережелерге сәйкес адамдардың атқаратын қызметтері.*

Тұлға туралы рөлдік теорияда адамның әлеуметтік мінез – құлқы негізгі екі ұғыммен түсіндіріледі:

- Олар: «әлеуметтік статус» және «әлеуметтік рөлтоқталайық».
- Мысалы, әрбір адам әлеуметтік жүйеде бірнеше қызметтерді атқарады. Осыны статус дейді.
- Әлеуметтанушылар статустардың екі түрін бөліп көрсетеді. Біреуі – қозамнан берілген (предписание), екіншісі адамның өз еңбегінің нәтижесінде қол жеткізген (преобретенный) статус. Тұлғаның табиғи статусы адамның мәнді, тұрақты сипатты белгілеріне байланысты (ер адам, әйел, бала, жасөспірімі, қарт, т.б.). Кәсібіне, қызметіне (лауазым) байланысты статус – тұлғаның базистік (яғни, негізгі) статусы болып есептеледі. Бұл статусқа адамның әлеуметтік, экономикалық, өндірістік салаларда қызметі, орны (мысалы, дәрігер, инженер, мұғалім, банкир, т. б.) жатады.

ТҰЛҒАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУ ПРОЦЕСІ.

Тұлғаны одан әрі әлеуметтендіру процесі тек қана адамдардың алуан түрлі бірліктері мен топтық шеңберінде болуымен шектелмейді. Тұлғаны әлеуметтендіру оны өз бетімен еркін азаматтың алдыңғы қатарлы тәжірибелеріне, мәдени бағалы құндылықтарына, нысандарына, бағыттарына, т.б белсенді араласып, оларды терең игеруге, бойына сіңіруге, өңдеуге мәжбүр етеді. Осылардың негізінде тұлғаның ерекшелік қасиеттері одан әрі тереңдей түседі оның әлеуметтік тұрғыдан өзін-өзі тануы, өзінше бағалау қасиеттері қалыптасады.

ТҰЛҒА- ӘЛЕУМЕТТІК ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ОБЪЕКТІСІ ЖӘНЕ СУБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕ.

Тұлға тек қана әлеуметтік қоғамдық қатынастардың жемісі ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік іс- әрекет, қызмет қоғамның барлық салаларында әрдайым көрініп отырады. Макс Вебер іс -әрекетті біреуге бағытталуын, нысаналануын тосу, күту, үміт ету дейді.

Вебер әлеуметтік іс -әрекетті, қимылды 4типке бөледі.

- 1. Ақыл ойдың мақсатқа бағытталуы. Мұнда әрбір іс - әрекеттің мақсаты мен құрлымының бір- біріне сәйкестігі көзделеді*
- 2. Іс әрекетің құндылыққа бағытталуы. Мұнда әрбір іс әрекеттің басқа құндылық, бағалық үшін өмір сүруі көзделген.*
- 3. Аффективтік. Бұл адамның эмоциялық реакциясына негізделген .*
- 4. Дәстүрлік (яғни, салт – дәстүрлік). Мұнда адамның іс - әрекеті белгілі бір дәстүр, салтқа сәйкес болады.*

Әлеуметтік іс әрекет пен қызметтің қозғаушы күші объективтік жағдайлармен байланысты.

Объективтік жағдай адамдардың қажеттілігінен мұң мұқтажынан, мүддесінен, мақсатынан шығады. Мүдделердің мақсатардың негізінде әлеуметтік талап тілектерді білдіретін адамдардың қажеттіліктері жатады. Осыған орай мүдде, мақсат бір нәрсеге, затқа деген қажеттілікті түсінудің түрі ретінде көрінеді.

Қажеттілік тұлғаны өзін қоршаған әлеуметтік ортамен қатар сыртқы табиғатпен тығыз байланыстырады, өйткені адам табиғаттан өзіне керегін алып, өзінің мүлдесін, мақсатын қанағаттандырып отырады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде туған елді тұлға емес. Ол тек қана индивид. Ол адам тегінің өкілі.

Қандайда бір қоғамда адамның әлеуметтік жүйедегі орны бар. Ал қоғамның адамға белгілі бір талап қояы оның әлеуметтік ретінің мазмұны, мәнін құрайды.

ПАХМЕТ